

2025-2026 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың қыркүйек айының есебі.

Әлеуметтік педагог: Есмаганбетова.С.С

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНЫҢ ЕСЕБІ

1. Мақсаты:

Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайын анықтап, қолдау шараларын ұйымдастыру, әлеуметтік тәуекел тобындағы балалармен алдын алу және психологиялық-педагогикалық жұмыстар жүргізу.

2. Негізгі бағыттар бойынша жұмыс:

2.1. Құжаттық-ұйымдастыру жұмыстары:

- Мектептің 2025-2026 оқу жылына арналған әлеуметтік паспорты жасалды. (1-9 сынып оқушылары қамтылды).
- Әлеуметтік тұрғыдан қолдауды қажет ететін отбасылардың тізімі жаңартылды - «Мектепке жол» акциясы бойынша есеп жүргізілді.
- Сынып жетекшілерімен және психологпен бірлескен жоспар бекітілді.

2.2. Қолдау көрсету жұмыстары:

- «Мектепке жол» акциясы аясында 2 оқушыға киім-кешек, оқу құралдары түрінде көмек көрсетілді (жалпы сомасы: 92456 тг).
- Аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыға тегін ыстық тамақпен ұйымдастырылу қарастырылуда.
- Білім беру қоры есебінен көмек алу үшін аудандық білім бөліміне 2 өтініш жолданды.

2.3. Алдын алу және тәрбиелік іс-шаралар:

- Қиын өмірлік жағдайдағы балалармен жеке әңгімелер жүргізілді – 5 оқушы.
- Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша рейдтік шараларға қатысу – 3 рет.
- «Отбасы күні» (15 қыркүйек) аясында ата-аналармен дөңгелек үстел өткізілді (қатысқан адам саны: 21).
- Мектеп инспекторымен бірге оқушылар арасында құқықтық сауаттылыққа арналған әңгіме жүргізілді (42 оқушы қамтылды).

2.4. Кеңес беру жұмыстары:

- Ата-аналарға – 3 кеңес берілді.
- Оқушыларға – 5 кеңес берілді.
- Сынып жетекшілеріне – 9 кеңес берілді.

3. Қорытынды:

Қыркүйек айында әлеуметтік педагог жоспарға сай жұмыстарды толық орындады. Әлеуметтік осал топтағы отбасыларға қажетті көмек көрсетіліп, оқу жылының басында балалардың мектепке толық дайындалуына жағдай жасалды.

Әлеуметтік педагог: *Б.С.И.* /қолы/